

2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке азаматтарды шақыруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 22 мамырдағы № А-279 қаулысы. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 4 маусымда № 1-4-137 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 қаңтардағы № А-16 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2010.01.22 № А-16 қаулысымен

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 8 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңының 19, 20, 23 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 1 сәуірдегі № 779 «Белгіленген мерзімде әскери қызметін атқарған мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерінің запасқа босатылуы және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір – маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 17 сәуірдегі № 543 «Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылдың 01 сәуірдегі № 779 «Белгіленген мерзімде әскери қызметін атқарған мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерінің запасқа босатылуы және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2009 жылдың сәуір – маусым және қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығын жүзеге асыру туралы» қаулысына сәйкес, азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырылуын уақытылы, ұйымшылдықпен және сапалы өткізу мақсатында, Аршалы ауданының әкімі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Азаматтарды әскери қызметке 2009 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында, он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі, шақыртылудан босатылған немесе кейінге қалдыруға құқығы жоқтар, сондай-ақ жиырма жеті жасқа толмаған оқу орындарынан шығып кеткен және әскери басқармалардың тиісті жергілікті органдары арқылы шақыру жөніндегі белгіленген мерзімді әскери қызметте қызмет етпеген азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуын өткізу қамтамасыз етілсін.
2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясы (1 қосымша) құрылсын және

азаматтарды әскери қызметке шақыру өткізу кестесі бекітілсін (2 қосымшаға).

3. «Аршалы аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) 2009 жылға қарастырылған аудан бюджеті көлемінен әскерге шақыру жұмыстарының уақытылы қаржыландырылуы қамтамасыз етілсін.

4. Ақмола облысының денсаулық сақтау Басқармасы жанындағы «Аршалы ауданының емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынына (келісім бойынша) :

1) әскерге шақырылушыларды сапалы медициналық тексерістен өткізу үшін медициналық комиссия құрамы білікті дәрігер мамандар және орта медициналық қызметкерлер жинақтасын ;

2) аудандық әскерге шақыру пунктiнiң қажеттi құралдармен, медициналық жабдықтарымен, шаруашылық шығындық мүліктермен қамтамасыз етілсін.

5. Аршалы кенті және селолық, ауылдық әкімдеріне, ұйым басшыларына:

1) әскери шақырушылар жеке шақыру қағаздарында көрсетілген қажетті құжаттармен әскерге шақыру учаскелеріне келуін қамтамасыз етсін;

2) шақыртылуға тиісті азаматтарды іс сапардан (демалыстан) шақыртып алып , шақырту учаскесінде өз уақытында келуін және шығарып салуды ұйымдастырсын .

6. Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Ақмола облысының ішкі істер Департаменті «Аршалы ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) :

1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына әскерге шақырушыларды жіберу және шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті сақталуын қамтамасыз етсін ;

2) бұрын сотталған, сотта немесе тергеуде жүрген әскерге шақырушылар туралы ақпарат берсін ;

7. Аудан әкімдігінің 2008 жылдың 28 сәуірдегі № А-195 «2009 жылдың сәуір - маусым және қазан - желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке 1981-1990 жылдары туылған азаматтарды шақыруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы» Аршалы ауданының әділет Басқармасында 2008 жылдың 04 маусымдағы 1-4-118 нөмерімен тіркелген қаулысының күші жойылған деп танылсын .

8. Аршалы ауданы әкімдігінің осы қаулысы 2009 жылдың 17 сәуірінде туындаған құқықтық қатынастарда таратылады.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Мәмбетов Талғат Жаңабергенұлына жүктелсін.

10. Аршалы ауданы әкімдігінің осы қаулысы Аршалы ауданы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және

оның бірінші ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының

әкімі

Е. Маржықпаев

КЕЛІСІЛДІ:

«Қазақстан Республикасының ішкі істер
Министрлігі Ақмола облысының ішкі
істер Департаменті Аршалы аудандық
ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Е. Мұқанов

«Ақмола облысы Аршалы ауданының
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы Р. Нүркеев

«Ақмола облысының денсаулық
сақтау Басқармасы жанындағы

«Аршалы ауданының орталық

емханасы» мемлекеттік коммуналдық

қазыналық кәсіпорыны» бас дәрігері В. Биджиев

«Аршалы аудандық қаржы бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Е. Андрух

Аршалы

ауданы

әкімдігінің

2009

жылғы

22

мамырдағы

№ А-279 қаулысына № 1 қосымша

Аршалы аудандық шақыру комиссиясының құрамы:

Нүркеев Рахмет Сыздықұлы - «Ақмола облысы Аршалы ауданының
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы,

шақыру комиссиясының төрағасы

Ахметов Балықбай - «Аршалы аудандық дене тәрбиесі және
Әуезханұлы спорт бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің бастығы, шақыру

комиссиясының төрағасының орынбасары

Комиссия мүшелері:

Оспанов Сапар Қалиұлы - «Қазақстан Республикасының ішкі істер
Министрлігі Ақмола облысының ішкі
істер Департаменті Аршалы аудандық
ішкі істер бөлімі» мемлекеттік

мекемесі бастығының орынбасары

4								
10								

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК